

АРҚАНЫҢ АСЫЛ ТӘЖІ – ҚАРҚАРАЛЫ

Қалиева А., Хумкейқызы А.

Ғылыми жетекші: тарих магистрі Баймағамбетова А.А.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

ajbarsha.kalieva.01@bk.ru

khumkeyzy@bk.ru

*«Атыңнан айналайын Қарқаралы
Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады
Сайыңнан сайғақ құрлы сая таппай
Мен бір жан қуғын көрген Арқадағы»*

Мәди Бәпиұлы

Қос ғасырға тең тарихы бар Қарқаралы

Қарқаралы – ешбір қалаға ұқсамайтын, өзіндік кескін-келбеті, сәулеттік өзгешелігі, бай тарихы бар өңір. Бір қаланың өзі - мыңдаған туристерге жәдігерін ұсына алатын эскпонаты көп орталық. Елді мекен Қарағанды қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 220 шақырым жерде, теңіз деңгейінен 815 метр биіктікте орналасқан. Бүгінде Қарқаралы-облыстың экономикалық және мәдени өмірін дамытудағы маңызды орын алатын Қарағанды облысындағы ең көне қала. Оның тарихы тау өзені алабындағы шағын дала поселкасынан басталып, 1824 жылы қамал салынып, ал үш жылдан кейін ол казак станицасына айналған. 1869 жылы Қарқаралы уездік орталық болған. Ол арқылы ұлы керуен жолы Орталық Азиядан Сібірге-Ұлы Жібек Жолы, сондай-ақ атақты Қоянды жәрмеңкесі өткізіліп тұрған[1].

Қарқаралы атауының шығу төркіні

«Қарқаралы» сөзінің шығу төркініне үнілер болсақ, ол туралы тарихы туралы деректер асып жетерлік.

Пікірлер де әртүрлі, дәлелдер де бірнешеу. Бір аңызда Баян сұлу осы маңда қарқарасын түсіріп алып, жердің осылай аталуына себеп болған деседі. Негізге «Қарқаран» сөзінің алынуы дұрыс сияқты. Бұл белгі ханды, ел билеген көсемдерді басқалардан ерек қылып көрсету үшін пайдаланған, «қарқаран», «тәж» мағынасын білдіреді. Ендеше, Сарыарқаның сайын даласындағы бұл таулар ханның басына киген алтын тәжі сияқты, қарқарадай болған соң, бұл өңір халық аузында «Қарқаралы өңірі» аталып кетті. Қарқаралы-табиғаты әсем қасиетті жер, оның сұлулығын «Қазақстанның Швейцариясы» деп атайды.

Тарихқа көз жүгіртсек, құла түзде құлан, арқар жайылып, орман-тоғайымызда аю мен бұлан жортқан замандарда бұл өңірде жер бетіндегі ең алғаш мекендеген адам баласы болған деседі. Тіпті, жыртқыш жануардың ең алғашқы тұқымдасы динозаврлардың болғанын да тарих ақиқаттап отыр мыс. Оған дәлел ретінде қала басындағы «Суық бұлақ», «Үш үңгір» қазба орындары келтіріледі. Қала іргесіндегі Кент тауларының Талды қорымынан табылған «Алтын адам» жәдігері де – көне сақ, ғұн тайпаларының дәуірлеу кезеңінің белгісі іспетті. Бұған қарап арқа төсіндегі Қарқаралының 2 мыңжылдан астам тарихы бар, ескі жұрт деуге әбден болатын сияқты. 19-ғасырдың екінші жартысында жері шұрайлы, жайылымы малға, қойнауы кенге бай Қарқаралы Орта Азия мен Қытайдан Сібірге баратын керуен жолының торабы ретінде маңызды сауда, кәсіпшілік және мәдени - ағарту орнына айналды. Мұнда саяси тұтқындар жер аударылды. Қарқаралының солтүстігіндегі Қарасор көлінің жағасында 1848 жылдан 1930 жылға дейін белгілі Қоянды жәрмеңкесі өтіп тұрды. Қарағайлы қорғасын-барит кен-байыту комбинатының салынуына, оған теміржол мен тас жолдардың жүргізілуіне, қалада ауыл шаруашылықтың дамуына және айналасында көптеген дем алыс орындарының пайда болуына байланысты Қарқаралы жедел өсе бастады[1].

«Етек-жеңімізді жинап, экономикамызды жөндеп, қаражат жинағаннан кейін бұл мәселеге (туризмді дамытуға) де келдік. Оған дейін орысша айтқанда «не до этого» болды. Алдымен елдің жағдайын түзеп, елге жұмыс беріп, экономикамызды көтеру керек болды.

«Енді бұл салаға да жақындадық, қолға алатын кез келді. Дүниежүзінде туризм барлық әлемдік экономиканың 10 пайызын құрайды. Бұл өте үлкен көлем. Бізде әлі өте аз. Мысалы біз 2025 жылға дейін экономикамыздың 8 пайызын туризмнен аламыз деп отырмыз. Ол үшін өте көп жұмыс істеу керек. Рухани жаңғыру, экономикамызды түзеу, инфрақұрылым, «Нұрлы жол» - барлығы осыған байланысты. Қазақстанда көретін жерлер, баратын жерлер көп. Даланың өзі, таудың өзі басқа елдер үшін өте қызықты. Көрсете білуіміз керек. Мына жүргізіп жатқан «Нұрлы жол» бағдарламасының мағынасын қазақ әлі түсінген жоқ. Біз тарихымызда, еш уақытта ұлан-ғайыр жерімізде мұндай жолдар салғанымыз жоқ. Мысалы оңтүстіктің азаматтары мұндай даңғыл жолмен өмір бақи жүріп көрді ме? Қазір Шымкенттен Алматыға келу, Шымкенттен Ақтөбеге жету көзді ашып-жұмғанша. Астана мен Бурабайдың арасындағыдай жолдар салынды. Ол жол - Қытайдың шекарасынан Алматыны, Жамбылды, Оңтүстік Қазақстанды, Қызылорданы, Ақтөбені басып өтіп, Ресейге шықты, 2700 шақырым», - деді Елбасы[2].

Туризм Қазақстан экономикасындағы қарқынды салалардың бірі, Халықаралық сарапшылардың пікірінше қазіргі кезде туризм әлемдік экономикадағы қарқынды төмендемейтін саланы біріне жатады. Туризм көп елдерде жалпы ішкі өнімнің қалыптасуына, қосымша жұмыс орнын құруға және сыртқы сауда балансының белсенділігіне ықпал етеді. Соңғы жылдары туризм әлемдегі ең табысты бизнестің бірі. Туризмнің маңызы жылдан-жылға өсуде, оның халықаралық байланыста және валюталық түсім көз ретінде маңызы артуда. Елдердің шикізат көзі азайлады, ал туристік индустрия қалпына келетін ресурстармен жұмыс істеген. Туризмнің басқа да салаларға тигізетін әсері мол, оның 32 салаға жанама ықпалы бар (турфирмалар, көлік түрлері, мейманхана кешендері, демалыс үйлері, санаториялар, ұлттық парктер, тамақтану сферасы, т.б.). Бұл дегеніміз әлемдік өндірісте әр 9 адамның жұмыс орны деуге болады.

«Біз, қазақ халқы, ұлы тарихи тұлғалардың ізбасар ұрпағы екенімізді ешқашан ұмытпауымыз қажет. Ата-бабаларымыздың рухын туризмнің озық үлгілері арқылы дәріптеуіміз керек. Біз салалық мемлекеттік бағдарлама қабылдадық. Ол толыққанды жүзеге асатын болса, туризмнің Ішкі жалпы өнімдегі үлесі 8% жетеді. Сырттан келетін туристер саны 9 млн ал, ішкі туристер саны 8 млн адам болады. Ал туризм саласында жұмыспен қамтылғандар санын 650 мың адамға жеткізу керек. Туризм өте күрделі сала. Оған тиісті мамандар керек. Сол себепті біз туризм мамандарын дайындайтын университет ашу қажет деген шешім қабылдадық», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстанда 500-ден астам туристік фирмалар қызмет етеді, 80 елдің туристік фирмаларымен келісім жасаған. Туризмнің дамыған аймақтары Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстары, сондай-ақ Алматы және Астана қалалары. Осы облыстардың және қалалардың туристік фирмалары қызмет көрсетудің 88%-ін құрайды[2].

Қазақ жері шексіз кең байтақ. Жерімізде сонау ғасырлардан келе жатқан көне орындар мен тарихи жұмбақ мекендер жетіп артылады. Сонымен қатар қазағымның даласы көз тартар табиғатымен барлық адамның жүрегін жаулайды. Анау Алтайдан Атырауға, Арқадан Алатауға дейінгі ұлан-ғайыр жеріміз кімді болмаса да баурап алатыны хақ. Алматының Алатауы, Түркістандағы қайталанбас кесенелер, Көкшенің Оқжетесі мен Жұмбақтасы, Қарқаралының Шайтанкөлі сынды жерлер тарихтан сыр шертеді. Әр жердің өзіне тән тарихы бар. Еліміздегі туризмнің дамуы тікелей жастарға байланысты. Туризмнің дамуы арқылы Қазақстан көптеген оң нәтижелерге ие болады. Туризмнің дамуына сәлде болсын үлес қосу мақсатында сіздерге өзіміздің туған жеріміз қасиетті Қарқаралы мекеніне екі күндік турне бағдарламасын ұсынғымыз келеді.

Мақаламыздың мақсаты Орталық Қазақстанның киелі өлкесі Қарқаралы ауданының керемет жерлері мен әсем табиғатын көзбен көруге мүмкіндік сыйлау, туристік жол жасау болып табылады. «Атыңнан айналайын Қарқаралы» деп аталатын 2 күндік турне жоспарына, яғни Қарқаралының қандай көз тартар жерлеріне баратынымызға нақтылап тоқталып өтсек. Олар:

- 1 Құнанбай қажы мешіті
- 2 Абай тоқтаған үй (Бекметовтер үйі)
- 3 Шайтан көл
- 4 Кент таулары
- 5 Қарқаралы ұлттық паркі

Құнанбай мешіті мен Абай тоқтаған Көктебел үйі

Киелі Қарқаралы талай ғұлама ғалымдардың табанының ізі қалған сырға толы шежіресімен де қастерлі. Мұны кезінде қазақтың біртуар перзенті Қаныш Сәтбаев: «Алтайдан Карпатқа дейінгі ұлан-байтақ далада дәл Қарқаралы топырағындай қасиетті жер жоқ» деп дөп басып бағалаған болатын. Міне, осы бір киелі мекеннің қасиетіне қасиет, тарихына тағылым үстейтін есімдердің бірегейі – Құнанбай қажы мен хәкім Абай тұлғасы. Құнанбай мешіті - Қарқаралы қаласында құрылысы 1850 жылы басталып, келесі жылы салынып біткен мешіт. Оны салу жөнінде 1847 ж. әңгіме қозғалып, арасында Күшік-Тобықты баласы Құнанбай бар, 16 болыс қол қойған. 1849-52 жылдары Қарқаралы округіне аға сұлтан болған Құнанбай құрылыс жүргізу ісін өз қолына алып, тыңғылықты аяқтаған. Сол себептен де Қарқаралы шаһарындағы шежірелі хәм қасиетті мекен, 170 жылға жуықтайтын тарихы бар еңселі мешіт тікелей Құнанбай қажы есімімен байланысты. Абайдың Қарқаралыға алғашқы сапары негізінен мешіттің құрылыс жұмыстары басталған кезеңмен тұспа-тұс келеді. Оны ақын жиі түсіп, қонақ болатын татар көпесі Халиолла Бекметовтің көктебел ағаш үйінің маңдайшасында жазылған: «Бұл үйде 1850 жылы ұлы ақын-ағартушы Абай Құнанбаев болған» деген дерек растай түседі. Егер ақынның 1845 жылы өмірге келгенін ескерсек, онда Абайдың Қарқаралыға алғаш 5 жасында табан тигізгеніне көз жеткізуге болады. Ал бұл уақыт әкесі Құнанбай қажының Қарқаралыға болыс болып сайланып, мешіт құрылысымен қызу айналысып жатқан уақытын көрсетеді[3].

Шайтан көл ғашықтар мекені

Шайтанкөл теңіз деңгейінен 1200 м биіктігінде орналасқан ұзындығы 60 метр, ені 40 метр болатын су қоймасы. Тереңдігі жайлы мәліметтер әрқилы. Қайбір жылы шетелдік ғалымдар арнайы аппарат түсіріп, көл тереңдігін тексермекші болған. Онысы 300-ден 500 метрге дейін жетіпті, - дейтін сөздер де бар. Соған қарағанда, көл сөнген жанартаудың кіндігінде жатқан секілді. Орташа тереңдігі 2 метр. Суы мөлдір, сіңбейді, түбі тастақ, ешқандай ағын су келіп қосылмайды. Оңтүстік, батыс, солтүстік жағаларын қоршап тұрған жартастардың биіктігі 10 м және одан да биік. Қар, жаңбыр суымен толығады. Жауын-шашын мол жылдары артық су шарасынан асып, оңтүстік жағасындағы науа тәрізді арнамен ағып кетіп отырады. Жан-жағын қарағай, қайың, терек, таңқурай, тасжарған, тобылғы, тағы басқа бұта өскен қалың ну орман көлеңке түсіріп, көл суын көп буланудан сақтап тұрады.

Кент таулары

Бірнеше жекелеген қырқалы және күмбезді аласа таулар тізбегінен тұрады. Олар оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай 30 – 35 км-ге бір-біріне тіркесе созылып жатыр. Ені 20 км-ге жетеді. Айналасындағы белесті, төбелі, ұсақ шоқылы келген жазықтан 200 – 500 м биік тұр. Алқаптың ең биік бөлігі – қатпарлы таулар тізбегінен тұратын Кент тауы (абсолют биіктігі 1469 м). Одан солтүстікке қарай тауаралық және өзен аңғарларымен бөлінген Доңғал (1188 м), Найзатас (1293 м), Жамантау (1411 м), Босаға (1066 м), т.б. таулар орналасқан. Тау беткейлері көптеген жартасты шатқалдармен, сайлармен, аңғарлармен тілімденген. Тау беткейлері мен бөктерлерінде қарағай, қайың, көктерек, тал, итмұрын, ұшқат, ырғай, қараған, тобылғы, т.б. бұталар өседі. Сайлары мен тауаралық аңғарларында

өлең, сұлыбас, қызғылт селеу басым түрлі шөптесіндер өседі. Арқар, елік, қасқыр, түлкі, қарсақ, сұр суыр, қоян, тиін, моңғол және дала шақылдағы, дала тышқаны, Эверсман атжалманы мекендейді. Дала бүркіті, құр, шіл, тоқылдақ, т.б. орман құстары кездеседі. Талды (Кент) орман шаруашылығы негізінде жобаланған Кент қорығы Қарқаралы ұлттық паркінің құрамына кіреді[3].

Қарқаралы ұлттық паркі

Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі — Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы таулы-орман ландшафтысы. Табиғаттың бірегей нысандарын қорғау, саяхатты дамыту және халық демалысын жақсарту мақсатында 1998 жылы құрылған. 2009 жылы аумағы 90,3 мың га-дан 112 120 га-ға дейін кеңейтілген[3]. Сарыарқаның Қарқаралы және Кент тауларындағы дала өсімдіктері мен қарағайлы орман өскен аймағын алып жатыр. Бұл аймақта бұрын биік таулар болатын, уақыт өте бұзылып, көптеген ұсақ шоқылар мен адырларға бөлініп кеткен. Олардың биік беткейлері қатты өзгеріске ұшырап, жартасты шыңдары терең сайлармен және аңғарлармен бөлінген. Көп жерлерде гранитті тақталар жалаңаштанған. Тау сайларынан бұлақтар басталып, шағын өзендер бастау алады. Қарқаралы тауларында Қарқаралы, Қопа, Аюшат, Қаракеңгір, Кенттауында Қызылкеніш, Қыдыр өзендері, Шайтанкөл, Бассейн, Үлкенкөл, т.б. көлдері бар. Шағын суқоймалары, суға толы гранитті жартас шұңқырлар кездеседі.

Қарқаралы топырағының тумалары

Қасиетті Қарқаралы топырағы – небір таланттар мен дүлдүлдерді, жезтаңдай, күміс көмей әншілерді, от ауызды, орақ тілді шешендер мен әдебиет майталмандарын, қалың ел бірлігінің туын көтерген қоғам қайраткерлерін дүниеге әкелген қасиетті топырақ. Кешегі ықылым заманда үш жүзді аузына қаратқан, әділетті бітім айтып, елдің бірлігін ойлап, қазаққа қорған болған атақты Қаз дауысты Қазыбек би, бай-шонжарлардың озбырлығына қарсы найзағайдай үн қатқан, ержүрек ақын-сазгер Мәди Бәпиұлы, шертпе күйдің атасы Тәттімбет, от ауызды, орақ тілді Кенже би, ақын Шөженің туған жері. XX ғасырдың басында Қазақстанда жаңа үкімет орнату жолында аянбай күрес жүргізген, ұлтымыздың біртуар қоғам қайраткерлері Нығмет Нұрмақов, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков, Мәдіғали Тәтімов, қазақ ән өнерін әлемге паш еткен, халық әндерін Париж сахнасында әуелеткен Әміре Қашаубаев, жезтаңдай әнші Жүсіпбек Елебеков, дауылпаз ақын Қасым Аманжолов, халық жазушысы Әлжаппар Әбішев, Халық қаһарманы, тұңғыш қазақ ғарышкері Токтар Әубәкіровтер – Қарқаралы топырағының тумалары.

Бұл турне жоспарының жүзеге асырылуында біраз қиындықтарға тап болуымыз мүмкін:

1. Қарқаралыға барар жолдың дұрыс болмауы, яғни жолдар жөнделмеген.
2. Барар жолда тоқтап, тамақтанатын немесе тынығатын орындар тіптен жоқтың қасы.
3. Желі мен интернеттің мүлде жолда ұстамауы.
4. Ешқандай жанармай құятын бекеттердің болмауы секілді себептер өте көп.
5. Тоқтайтын гостиница мәселесі де аландатады. Жоғарғы дәрежедегі гостиницалар жоқтың қасы.
6. Тіпті жол бойындағы туалеттер өте нашар жағдайда

Осындай қиындықтар нәтижесінде көп адамның қызығушылығы қашады. Ал бұл мәселе тек Қарқаралы ауданына қатысты емес. Барлық Қазақстан аумақтарына жекелей көңіл бөлінетін болса, адамдарды тартатындай жұмыстар жүргізіліп, жағдай жасалынатын болса Туризм саласы Қазақстанда қарқынды дамиды.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 e-history.kz/kz/news/show/2268/
- 2 <https://egemen.kz/article/218244-qarqaralynynh-agma-sultany>
- 3 <https://karkaralinsk-kitaphana.rka.kz/images-new/1/4/1-1.pdf>